

## Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын жасау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 3 маусымдағы № 180 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 маусымда № 28399 болып тіркелді.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

### **Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын жасау қағидалары бекітілсін.
2. "Жерге орналастыру жобасын әзірлеу жөніндегі жерге орналастыру жұмыстарын орындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 379 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11370 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.
3. "Жер қатынастары саласындағы кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 782 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілетін жер қатынастары саласындағы бұйрықтар тізбесінің 12-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13093 болып тіркелген) алып тасталсын.
4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:
  - 1) бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.
6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

Е. Карашукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

2022 жылғы 3 маусымдағы

№ 180 бұйрығымен

бекітілген

## **Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын жасау қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын жасау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 14-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын жасау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) әзірлеуші – жобалау және іздестіру жұмыстарымен айналысатын, сондай-ақ жерге орналастыру жобаларын орындауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

3) бөгде жер учаскесі – басқа жер учаскесінің ішінде орналасқан жер учаскесі;

4) жер комиссиясы – жер учаскелеріне құқықтар беру туралы (шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс жеңімпазын айқындау туралы), жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы және су қорының жерін басқа санаттардағы жерге ауыстыру туралы өтініштерді (өтінімдерді) қарау және қорытындыларды дайындау үшін Кодекстің 43-бабына сәйкес құрылатын жергілікті атқарушы орган жанындағы алқалы орган;

5) жер комиссиясының оң қорытындысы – комиссияның жер учаскесіне құқықтар беру туралы хаттамалық шешім нысанындағы қорытындылары;

6) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган – жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың,

астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – уәкілетті орган);

7) жерге орналастыру жобасы – жер учаскесінің схемасы (жоспары), жер учаскесінің алаңы, оның шекаралары мен орналасқан жері туралы мәліметтер, жер учаскелерінің аралас меншік иелері мен жер пайдаланушылары туралы және жер учаскелеріне шектеулер, ауыртпалықтар мен сервитуттар туралы мәліметтер;

8) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган – жер қатынастары саласындағы реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі – орталық уәкілетті орган);

9) жер учаскесі – Кодексте белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетін тұйық шекаралар ішінде бөлінген жер бөлігі;

9-1) жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЖМБМК АЖ) – жүргізу тәртібі осы Кодексте және "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалатын жер және құқықтық кадастрлардың мәліметтерін қамтитын ақпараттық жүйе;

**10) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 06.09.2023 № 326 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11) сервитут – бөтен жер учаскесін шектеулі нысаналы пайдалану, оның ішінде жаяу өту, көлікпен өту, қажетті коммуникацияларды тарту мен пайдалану, аңшылық және балық шаруашылықтары және өзге де мұқтаждар үшін пайдалану құқығы;

12) үшінші тұлғалар – жерге орналастыруды жүргізу кезінде құқықтары мен заңды мүдделері қозғалатын тұлғалар.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 06.09.2023 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.02.2024 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

3. Жерге орналастыру жобасын әзірлеу мемлекеттік меншіктегі жерден жер учаскесіне құқық беру кезінде және қолданыстағы жер учаскелерін ретке келтіру кезінде жүзеге асырылады.

4. Кодекстің 43-бабында көзделген тәртіппен мемлекеттік меншіктегі жерлерден жер учаскесіне құқық берген кезде жаңа жер учаскесін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын әзірлеу жер комиссиясының оң қорытындысы және жер учаскесін беруге мүдделі тұлғаның (бұдан әрі – тапсырыс беруші) жерге орналастыру жобасын әзірлеуге арналған өтініші негізінде орындалады.

Жерге орналастыру жобасын әзірлеу кезінде жер учаскесін алдын ала таңдау актісінде көрсетілген жер учаскесінің орналасқан жерін өзгертуге жол берілмейді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 06.09.2023 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Қолданыстағы жер учаскелерін ретке келтіру кезінде жерге орналастыру жобасын әзірлеу жер учаскесін ретке келтіруге мүдделі тұлғаның (бұдан әрі – тапсырыс беруші) өтініші негізінде, және жер учаскесіне құқық белгілейтін құжат болған жағдайда орындалады.

Қолданыстағы жер учаскелерін ретке келтіру бойынша жерге орналастыру жобаларын әзірлеу:

- 1) жер учаскесін бөлу;
- 2) жер учаскелерін біріктіру (қосу);
- 3) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қою;
- 4) жер учаскесінің (шекараның) сәйкестендіру сипаттамалары өзгерту;

5) желілік объектілер, оның ішінде темір, автомобиль жолдары, бұрылыс жолақтарымен бірге жер беті, жер үсті және жер асты құбырлары, әуелік электр желілерінің тіреулері, кәбілді электр желілерінің жер беті құрылысжайлары алып жатқан жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларын өзгерту кезінде жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын жасау тәртібі**

6. Жерге орналастыру жобасын жасау рәсімі мынадай бірізділікпен жүзеге асырылады:

- 1) дайындық жұмыстары (камералды және танаптық);
- 3) жерге орналастыру жобасын жасау;
- 3) жерге орналастыру жобасын қарау және келісу;
- 4) жерге орналастыру жобасын бекіту.

### **1-параграф. Дайындық жұмыстары (камералды және танаптық)**

7. Дайындық жұмыстары кезеңінде жоспарлы-картографиялық материалдарды іріктеу, мемлекеттік жер кадастрында, жерге орналастыру, қала құрылысы, орман орналастыру, геодезиялық және картографиялық құжаттамаларда қамтылған жер учаскесі туралы мәліметтерді жинау және зерделеу орындалатын камералды жұмыстар жүзеге асырылады.

Белгілі бір жер учаскесі туралы мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін алу үшін Кодекстің 158-бабына сәйкес Мемлекеттік корпорацияға сұраным жіберіледі.

8. Жер учаскесін танаптық зерттеп-қарауды әзірлеуші тапсырыс берушінің және жер учаскелері жобаланатын шекара бойында орналасқан үшінші тұлғалардың қатысуымен жүргізеді.

Жер учаскесін танаптық зерттеп-қарау нәтижелері жер учаскесін танаптық зерттеп-қарау сызбасын дайындай отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесін танаптық зерттеп-қарау актісімен ресімделеді. Жер учаскесін танаптық зерттеп-қарау актісіне әзірлеуші, тапсырыс беруші және жер учаскесін танаптық зерттеп-қарауға қатысқан үшінші тұлғалар қол қояды.

9. Дайындық жұмыстарын жүргізу кезінде мыналар ескеріледі:

1) жер учаскесі мынадай сипаттамалар бойынша қалыптастырылады: орналасқан жері, нысаналы мақсаты, жерді аймақтарға бөлуге сәйкес рұқсат етілген пайдалану, алаңы, шекаралары, жер учаскесінің аралас меншік иелері мен жер пайдаланушылар, бөгде жер учаскелері туралы, жер учаскесіне шектеулер, ауыртпалықтар және сервитуттар туралы мәліметтер;

2) ауыл шаруашылығына арналмаған мақсаттарға берілетін жер учаскесінің көлемі қызметтің осы түрлеріне жер бөліп берудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген нормалар бойынша не сәулет-қала құрылысы және (немесе) құрылыс құжаттамасына сәйкес айқындалады;

3) жерді аймақтарға бөлуге сәйкес нысаналы мақсатына және рұқсат етілген пайдаланылуына қарай күрделі құрылыстар орналасқан немесе оларды тұрғызу құқығы бар жер учаскесі жүріп-өтумен қамтамасыз етіледі. Жер учаскесіне қолжетімділік жеке сервитутты белгілеу арқылы ортақ пайдаланылатын жер есебінен де, өзге де жер учаскелері аумағының есебінен де қамтамасыз етіледі;

4) бөлінетін жер учаскесін бөлу кезінде жер учаскесінің нысаналы мақсаты сақталады және өртке қарсы, санитариялық, экологиялық, құрылыс нормалары мен қағидалар сақталады.

Жеке меншіктегі немесе жер пайдаланудағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін алаңдары Кодекстің 50-бабының 5-тармағына сәйкес белгіленген ең аз мөлшерден төмен учаскелерге бөлуге жол берілмейді.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін ауыл шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсатта учаскелерге бөлуге жол берілмейді.

Республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың, астананың қала маңы аймақтарында орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін бөлуге жол берілмейді;

5) нысаналы мақсаттары мен құқықтарының түрі бірдей және бір жер учаскесі шекарасының бір мезетте басқа жер учаскесі шекарасының бөлігі болып табылатын ортақ (шектес) бөлігі бар жер учаскелері біріктірілуге (қосуға) тиіс;

6) жер учаскелерінің шекаралары қазіргі бар табиғи немесе жасанды шептермен (өзендермен, бұлақтармен, арналармен, орман алқаптарымен, жолдармен) негізделмеген

жағдайларды қоспағанда, жер учаскелерінің жобаланып отырған шекараларының бұзылуына алып келетін жер учаскелерді қалыптастыруға жол берілмейді.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 06.09.2023 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде жерге орналастыру жобаларын жасау кезінде жер учаскелерінің шекаралары олардың жинақы орналастырылуын ескере отырып, бегіленеді және табиғи және (немесе) жасанды шептермен (өзендермен, бұлақтармен, арналармен, орман алқаптарымен, жолдармен) біріктіріледі.

Бұл ретте, ауыл шаруашылығына арналмаған мұқтаждар үшін де, жаңадан құрылатын ауыл шаруашылығы ұйымдары, шаруа және фермер қожалықтары және жеке қосалқы шаруашылықтар үшін де түзілетін жер учаскелерінің шекаралары қосымша ескеріледі.

## **2-параграф. Жерге орналастыру жобасын жасау және мазмұны**

11. Жерге орналастыру жобасы екі бөліктен қалыптасады: мәтіндік және техникалық.

12. Жерге орналастыру жобасының мәтін бөлігі мыналарды қамтиды:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша негізгі бет;
- 2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жерге орналастыру жобасының тізімдемесі;
- 3) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тапсырыс берушіден қабылданған құжаттар тізбесі;
- 4) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жерге орналастыру жобасын жасауға арналған өтініш;
- 5) жеке тұлғалар үшін: жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;  
заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама.  
Тапсырыс беруші уәкілетті өкіл арқылы жүгінген кезде:  
заңды тұлғалар үшін: өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесін;  
жеке тұлғалар үшін: сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін қамтиды ;

6) жаңа жер учаскесін құру немесе оны ретке келтіру кезінде (елді мекендерде белгіленген тәртіппен бекітілген қала құрылысы құжаттамалары) қабылданатын жобалық шешімдерді негіздеу үшін қажетті материалдар (құжаттар).

Мемлекеттік меншіктегі жерлерден жер учаскесіне құқық беру кезінде жерге орналастыру жобасының мәтін бөлігі мыналарды қосымша қамтиды:

1) жер учаскесін таңдау актісі немесе жер учаскесін алдын ала таңдау актісі (елді мекен шегінде объектілер салуды қоспағанда, объектілер салу үшін жер учаскесі сұралған кезде) және жер учаскесі шекараларының схемасы (жоспары);

2) жер комиссиясының оң қорытындысы;

3) күрделі құрылыстар (ғимараттар, құрылысжайлар) бар болса оларға құқықтарды растайтын құжаттар (жылжымайтын мүлік объектісіне құқық белгілейтін құжаттың немесе объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесі);

4) жер учаскесі пайдалы қазбаларды өндіру, жер қойнауы кеңістігін пайдалану немесе кен іздеушілік мақсатында берілген кезде Кодекстің 32-бабының 4-тармағына және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 20-бабына сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті лицензиялардың немесе келісімшарттың көшірмелері қоса беріледі.

Қолданыстағы жер учаскелерін ретке келтіру кезінде жерге орналастыру жобасының мәтін бөлігі:

1) жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың және жер учаскесі сәйкестендіру құжатының көшірмелерін;

2) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы мәліметтерді;

3) күрделі құрылыстар (ғимараттар, құрылысжайлар) бар болса оларға құқықтарды растайтын құжаттарды (жылжымайтын мүлік объектісіне құқық белгілейтін құжаттың немесе объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесі);

4) жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының көшірмесін (бар болса) қосымша қамтиды.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар мен мәліметтер тізбесі толық болып табылады. Жерге орналастыру жобаларын әзірлеу кезінде тапсырыс берушіден осы тармақта көзделмеген құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 06.09.2023 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Жерге орналастыру жобасының техникалық бөлігі мыналарды қамтиды:

1) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жерге орналастыру жобасына түсіндірме жазбаны;

2) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесін танаптық зерттеп-қарау актіні;

3) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша теодолиттік жүрістерді қиыстыру ведомосін (теодолитті пайдаланған кезде);

4) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өлшемдер журналын (теодолитті пайдаланған кезде);

5) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша абристы (теодолитті пайдаланған кезде);

6) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекендер (қалалар, кенттер мен ауылдық елді мекендер) шегінде орналасқан жер учаскесін жобалау кезінде жер учаскесінің схемасын (жоспарды) (бұдан әрі – жер учаскесінің схемасы (жоспары));

7) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекендер шегінен тыс жерде орналасқан жер учаскесін жобалау кезінде жер учаскесінің схемасын (жоспарды) (бұдан әрі – жер учаскесінің схемасы (жоспары));

8) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша желілік объектілері, оның ішінде темір, автомобиль жолдары, бұрылыс жолақтарымен бірге жер беті, жер үсті және жер асты құбырлары, әуелік электр желілерінің тіреулері, кәбілді электр желілерінің жер беті құрылысжайлары алып жатқан жер учаскесінің схемасын (жоспарды) (бұдан әрі – жер учаскесінің схемасы (жоспары));

9) еркін нысандағы жер учаскесін бөлу, біріктіру (қосу), шекараларын өзгерту схемасын (жоспарын).

Жер учаскесін бөлу кезінде жерге орналастыру жобасы жаңадан құрылған әрбір жер учаскесіне жасалады.

Жер учаскесінің схемасын (жоспарын) қарындашпен жазуға, қолмен жөндеуге, тазалауға, қосып жазуға, түзетуге жол берілмейді;

10) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жерге орналастыру процесіне қатысушылардың жер учаскесін келісу схемасын (жоспарды) (бұдан әрі – келісу схемасы (жоспары)).

Келісу схемасын (жоспарын) мемлекеттік органдармен, жер учаскелерінің иелерімен және бөтен жер учаскелерінің жер пайдаланушыларымен келісуді тапсырыс беруші қамтамасыз етеді.

11) жобаланатын жер учаскесін ЖМБМК АЖ графикалық деректерімен келіскен кезде:

осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаланатын жер учаскесінің координаттары ведомосін салыстырып тексеру актісі (бұдан әрі – Жобаланатын жер учаскесінің координаттары ведомосін салыстырып тексеру актісі), Жобаланатын жер учаскесінің координаттары ведомосін салыстырып тексеру актісіне 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша жобаланатын жер учаскесінің жоспары және жобаланатын жер учаскесі шекараларының координаттары мен жақтарының ұзындықтарының жиынтық ведомосі қоса беріледі.

Бұрылыс жолақтары, әуе электр беру желілерінің тіреулері, кәбілді электр беру желілерінің жербеті құрылысжайлары бар желілік объектілер, оның ішінде темір, автомобиль жолдары, жербеті, жерүсті және жерасты құбырлары алып жатқан жобаланатын жер учаскесін ЖМБМК АЖ графикалық деректерімен келіскен кезде:

осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаланатын жер учаскесінің координаттары ведомосін салыстырып тексеру актісі, Жобаланатын жер учаскесінің координаттары ведомосін салыстырып тексеру актісіне 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша желілік объектілер орналасқан жобаланатын жер учаскесінің жоспары және желілік объектілер орналасқан жобаланатын жер учаскесі шекараларының координаттары мен жақтарының ұзындықтарының жиынтық ведомосі желілік объектілер полигонының алаңы көрсетіле отырып, қоса беріледі.

Жобаланатын жер учаскесінің орналасқан жері ЖМБМК АЖ графикалық деректерімен сәйкес келмеген кезде (жер учаскесінің басқа шектес жер учаскелерімен қабаттасуының болуы, жер учаскесінің орналасқан жерінің, алаңының, желілер өлшемдерінің, конфигурациялар мен координаттардың ұсынылған деректерге сәйкес келмеуі):

осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаланатын жер учаскесі координаттары ведомосінің сәйкес келмеуі туралы акті (бұдан әрі – Сәйкес келмеу туралы акті), Сәйкес келмеу туралы актіге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жобаланатын жер учаскесі шекараларының жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесінің графикалық деректеріне сәйкессіздігі (қабаттасуы) схемасын және жобаланатын жер учаскесі шекараларының координаттары мен жақтары ұзындығының жиынтық ведомосі қоса беріледі.

Бұрылыс жолақтары, әуе электр беру желілерінің тіреулері, кәбілді электр беру желілерінің жербеті құрылысжайлары бар желілік объектілер, оның ішінде темір, автомобиль жолдары, жербеті, жерүсті және жерасты құбырлары алып жатқан жобаланатын жер учаскесінің орналасқан орны ЖМБМК АЖ графикалық деректерімен сәйкес келмеген кезде (жер учаскесінің басқа шектес жер учаскелерімен қабаттасуының болуы, жер учаскесінің орналасқан жерінің, алаңының, желілер өлшемдерінің, конфигурациялар мен координаттардың ұсынылған деректерге сәйкес келмеуі):

осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаланатын жер учаскесі координаттары ведомосінің сәйкес келмеуі туралы акті, Сәйкес келмеу туралы актіге 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша желілік объектілер орналасқан жобаланатын жер учаскесі шекараларының жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесінің графикалық деректеріне сәйкессіздігі (қабаттасуы) схемасын және желілік объектілер орналасқан жобаланатын жер учаскесі шекараларының координаттары мен жақтары ұзындығының жиынтық ведомосі қоса беріледі;

12) Кодекстің 105-бабына және "Ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға оларды пайдалану үшін ауыл шаруашылық алқаптарын алып қоюмен туындаған ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 23

желтоқсандағы № 161 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10100 болып тіркелген) сәйкес ауыл шаруашылығы алқаптарын ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға пайдалану үшін оларды алып қою кезінде ауыл шаруашылығы өндірісі шығындарының есебі.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын айқындау актісі осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады;

13) шектеулер, ауыртпалықтар мен сервитуттар (бар болса).

Қолданылуы шектеулі және сервитуттармен ауыртпалық салынған жер учаскесі бөліктерінің шекаралары жер учаскесінің схемасында (жоспарында) көрсетіледі және жергілікті жерде белгіленеді.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 06.09.2023 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жерге орналастыру жобаларын әзірлеу кезінде жерге орналастыру жобасының құрамына қосымша мынадай құжаттар енгізіледі:

1) жергілікті атқарушы органның жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару қажеттігі туралы ұсынысы;

2) мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға жататын жер учаскелердің тізімін, олардың кадастрлық нөмірлерін, алаңдарын, нысаналы мақсаттарын көрсете отырып, алып қоюға жататын жер учаскелердің алаңдарын, меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы туралы мәліметтер.

15. Жерге орналастыру жобасының жоспарлы-картографиялық материалдарындағы жер учаскесінің схемасы (жоспары) елді мекендерде 1:500, 1:1000, 1:2000 және 1:5000 масштабтарда жасалады.

Шағын алаңды жер учаскелері үшін жерге орналастыру жобасын әзірлеу кезінде 1:200 масштабта схемалар (жоспар) жасауға рұқсат етіледі.

Басқа санаттағы жерлерде жер учаскесінің схемасы (жоспары) жобалық шешімдерді қабылдау және негіздеу үшін қажетті ақпаратты (қолданыстағы жер учаскелерінің шекаралары, олардың кадастрлық нөмірлері, Кодекстің 121-бабы 2-тармағында көзделген жерді ерекше шарттармен пайдалану аймақтарының шекаралары) енгізе отырып, 1:2000 – 1:100 000 масштабта жасалады.

Жергілікті жерде жобалық элементтердің орналасқан жерін анықтау үшін қажетті барлық жобалық элементтер (шектесу мен бағыттарды сипаттау нүктелері, жер учаскелерінің шекаралары, желілер өлшемдері, тірек нүктелері мен олардың нөмірлері) жерге орналастыру жобасының сызбасында қызыл түспен, бұл ретте, бөгде жер пайдаланушылар көк түспен белгіленеді.

Жер учаскесінің схемасында (жоспарда) жер экспликациясы (елді мекендер жерлерінен басқа), шартты белгілер, шектесу мен бөгде тұлғаның пайдалануындағы жерлердің сипаттамасы қамтылады.

Жер экспликациясы қалыптасқан жер учаскесіне жасалады және жер учаскесінің жалпы алаңын қамтиды. Бұл ретте, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер экспликациясында қосымша ауыл шаруашылығы алқаптарының алаңы көрсетіледі.

### **3-параграф. Жерге орналастыру жобасын қарау, келісу және бекіту**

16. Жобаланатын жер учаскесінің орналасқан жерінің ЖМБМК АЖ-ның графикалық деректерге сәйкестігіне салыстырып тексеру жүргізу үшін жобаны әзірлеуші Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21366 болып тіркелген) бекітілген "Жобаланатын жер учаскесін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесінің графикалық деректерімен келісу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес жер учаскесінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға жүгінеді.

Жобаланып отырған жер учаскесі Кодекстің 121-бабында көрсетілген жерлерді пайдаланудың ерекше шарттары бар белгіленген аймақтардың шекараларында орналасқан кезде, салыстырып тексеру жүргізу кезінде жобаланып отырған жер учаскесінің шекаралары мен жерлерді пайдаланудың ерекше шарттары бар аймақтардың шекараларының қабаттасу схемасы ЖМБМК АЖ-да олардың шекаралары болған кезде жасалады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 06.09.2023 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Жерге орналастыру жобасын мүдделі мемлекеттік органдармен, тиісті қызметтермен келісу жерге орналастыру жобасы келіп түскен күннен бастап 1 (бір) ай ішінде жүзеге асырылады не жер учаскесін келісу схемасында (жоспарында) мөрмен расталған хаттар (келісімдер, қорытындылар) және қойылған қолдар түрінде ұсынылады.

Жерге орналастыру жобасын келісетін мүдделі мемлекеттік органдар мен тиісті қызметтерді жер учаскесінің нысаналы мақсаты мен пайдаланылуына рұқсат етуге қарай уәкілетті орган айқындайды.

Бұл ретте жерге орналастыру жобасын келісу жер, орман, су заңнамасы нормаларының, жер учаскесінің нысаналы мақсатына қарай өртке қарсы, санитариялық-гигиеналық, экологиялық, құрылыс және қала құрылысы міндетті нормалары мен қағидаларының сақталуы бөлігінде жүзеге асырылады.

Қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін жер учаскесі сұралған кезде жерге орналастыру жобасы орталық уәкілетті органмен және тиісті уәкілетті органмен (

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметімен) келісіледі.

Мұнай мен газды кейіннен сақтау және көліктің басқа түрлеріне тией отырып, магистральды мұнай құбырларымен тасымалдауға байланысты мұнай-газ тасымалдау инфрақұрылымы объектілерінің құрылысы үшін жер учаскелері сұралған кезде жерге орналастыру жобасы Қазақстан Республикасының мұнай-газ тасымалдау инфрақұрылымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органымен де келісіледі.

18. Жерге орналастыру жобасы екі данада жасалады, оны жобаны әзірлеуші тігеді және нөмірлейді. Оның бір данасы жобаланып отырған жер учаскесі шекараларының координаттары мен тараптар ұзындығының жиынтық ведомосімен Кодекстің 158-бабының 5-тармағына сәйкес жер-кадастрлық құжаттамаға енгізілетін мәліметтердің анықтығын қамтамасыз ету мақсатында Мемлекеттік корпорациясының құрылымдық бөлімшесіне беріледі, екінші данасы – тапсырыс берушіге.

Мәліметтері "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда құпияландырылуға тиісті мәліметтердің ведомостволық тізбесіне жатқызылған жобаланып отырған жер учаскесі шекараларының координаттары мен тараптар ұзындығының жиынтық ведомосі Мемлекеттік корпорацияда мұрағатқа сақтауда пайдаланылады және сақталады, тапсырыс берушіге беру кезінде жерге орналастыру жобасының құрамына салынбайды.

19. Жерге орналастыру жобасын бекіту Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21366 болып тіркелген) бекітілген "Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Уәкілетті органның жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын бекіту туралы бұйрығының жобасы Мемлекеттік корпорациясының құрылымдық бөлімшесіне беріледі.

Жер учаскелерін  
қалыптастыру жөніндегі  
жерге орналастыру жобасын  
жасау қағидаларына  
1-қосымша

Нысан

**Жер учаскесін танаптық зерттеп-қарау актісі**

20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_ \_\_\_\_\_

---

(жерге орналастыру жобасын жүзеге асыратын жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса),

тегі немесе заңды тұлғаның атауы)

20 \_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ жерге орналастыру жобасын жасауға арналған өтініш

негізінде \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі немесе заңды тұлғаның атауы)

\_\_\_\_\_ (жер учаскесіне құқық түрі, нысаналы мақсаты, кадастрлық нөмірі (бар болса)) беретін/ тиесілі жер учаскесіне танаптық зерттеп-қарау жүргізді.

Тапсырыс берушінің/өкілдің \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Үшінші тұлғалардың (қажет болғанда) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қатысуымен (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Танаптық зерттеп-қарау нәтижесінде мыналар анықталды: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Жер учаскесі \_\_\_\_\_

орналасқан

(мекенжайы, орналасқан жері)

Жер учаскесінің алаңы \_\_\_\_\_ гектарды құрайды.

Жер учаскесін танаптық зерттеп-қарау өткізгенде пайдаланылған геодезиялық аспаптар

\_\_\_\_\_ (аспаптар түрі, дәлдігі)

Жер учаскесінің жай-күйі (жер учаскесінің физикалық жай-күйі, объектілер/құрылыстардың/ құрылысжайлардың, инженерлік коммуникациялардың, жолдардың, оның ішінде автожолдардың, далалық жолдардың, теміржолдардың, көпірлердің, қоршаулардың бар-жоғы туралы мәліметтер)

\_\_\_\_\_ Шекаралардың (аралас жер пайдаланушыларды анықтау, әр шектес бойынша шекараның

жергілікті белгілері мен бағдарлары бойынша өтуін сипаттау) сипаттамасы

---

---

Бөгде пайдаланудағы жерлердің сипаттамасы (электр және байланыс желісі, құдықтар, құрылыстар, каналдар және басқа коммуникациялар) \_\_\_\_\_

---

---

Жобаны орындаушы \_\_\_\_\_

---

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы) (күні)

Тапсырыс беруші /өкілі \_\_\_\_\_

---

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы) (күні)

Үшінші тұлға \_\_\_\_\_

---

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы) (күні)

артқы жағы

